

Этникалық қазақтар мен олардың отбасы мүшелерін оралман мәртебесін алғанға дейін олардың қалауы бойынша уақытша орналастыру орталықтарында алғашқы қоныстандыру қағидаларын және олардың уақытша орналастыру орталықтарында болу мерзімдерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 28 қазандағы № 570 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2011 жылы 28 қарашада N 7310 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 22 шілдедегі № 328-ө-м бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.07.2013 № 328-ө-м бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі Заңының 24-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Этникалық қазақтар мен олардың отбасы мүшелерін оралман мәртебесін алғанға дейін олардың қалауы бойынша уақытша орналастыру орталықтарында алғашқы қоныстандыру қағидалары және олардың уақытша орналастыру орталықтарында болу мерзімдері бекітілсін.

2. «Оралмандар мен олардың отбасылары мүшелерінің уақытша орналастыру орталығында болу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 30 наурыздағы № 134 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2011 жылы 24 сәуірде № 6908 болып тіркелген, 2011 жылы 21 шілдеде «Егемен Қазақстан» газетінде № 225 (26646) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон полициясы комитеті (П . К . Н о к и н) :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді және оны ресми жариялауды;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары полиция полковнигі Қ.С.Тыныбековке және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон полициясы комитетіне (П.К. Н о к и н г е) жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р

милиция генерал-майоры
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
І ш к і і с т е р м и н и с т р і н і ң
2 0 1 1 ж ы л ғ ы 2 8 қ а з а н д а ғ ы
№ 5 7 0 б ұ й р ы ғ ы м е н
бекітілген

Этникалық қазақтар мен олардың отбасы мүшелерін оралман мәртебесін алғанға дейін олардың қалауы бойынша уақытша орналастыру орталықтарында алғашқы қоныстандыру қағидалары және олардың уақытша орналастыру орталықтарында болу мерзімдері.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Этникалық қазақтар мен олардың отбасы мүшелерін оралман мәртебесін алғанға дейін олардың қалауы бойынша уақытша орналастыру орталықтарында алғашқы қоныстандыру қағидалары және олардың уақытша орналастыру орталықтарында болу мерзімдері (бұдан әрі – Қағидалар) «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі Заңының 24-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленді және этникалық қазақтар мен олардың отбасы мүшелерін уақытша орналастыру орталықтарында алғашқы қоныстандыру тәртібін және болу мерзімдерін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) уақытша орналастыру орталығы (бұдан әрі – Орталық) - этникалық қазақтар мен олардың отбасы мүшелерінің оралман мәртебесін алғанға дейін уақытша тұруына арналған тұрғын үй.

2) халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган - өз құзыреті шегінде және көші-қон процестерін реттеуді халықтың көші-қоны саласындағы жұмысты үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

3) этникалық қазақ – шетелдік немесе шетелде тұрақты тұратын ұлты қазақ, азаматтығы жоқ, адам.

2. Этникалық қазақ пен олардың отбасы мүшелерін Орталықта алғашқы қоныстандыру тәртібі және олардың болу мерзімі

3. Орталыққа алғашқы қоныстандыру үшін этникалық қазақ осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлінісіне өтініш береді.

Өтінішті аумақтық бөлініс оны берген күні қарайды.

4. Осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш этникалық қазақ пен оның отбасы мүшелерін Орталыққа алғашқы қоныстандырды тіркеу журналында тіркеледі.

5. Өтінішті қарағаннан кейін аумақтық бөлініс осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жолдама береді және ол этникалық қазақ пен оның отбасы мүшелерін Орталықта алғашқы қоныстандыруды тіркеу журналында тіркеледі.

6. Жолдаманы алғаннан кейін этникалық қазақ пен оның отбасы мүшелері бес жұмыс күні ішінде Орталыққа орналастырылады.

7. Орталыққа қоныстандыру мерзімі сақталмаған жағдайда, этникалық қазақ пен оның отбасы мүшелері қоныстану құқығын жоғалтады. Бұл ретте олардың Орталыққа алғашқы қоныстандыруға қайта өтініш беру құқығы сақталады.

8. Орталықта бос төсек-орын болмаған кезде өтініш қабылдаудан және оны тіркеуден бас тартылмайды.

Бұл жағдайда этникалық қазақ пен оның отбасы мүшелері өтініш беру кезектілігі тәртібінде аумақтық бөлініс қалыптастыратын резервке жолдама бермей қабылданады.

9. Орталықта төсек-орын босаған кезде аумақтық бөлініс жергілікті атқарушы органы кезектілік тәртібімен Орталыққа қоныстандыру үшін этникалық қазақ пен оның отбасы мүшелеріне жолдама береді.

10. Орталыққа этникалық қазақ пен оның отбасы мүшелерінен басқа адамдарды орналастыруға тыйым салынады.

11. Этникалық қазақ пен оның отбасы мүшелері Орталықта келу мерзімі жолдама алған күннен бастап он бес күнді құрайды.

12. Этникалық қазақ пен оның отбасы мүшелері оларға берілген Орталықтың үй-жайын оралман мәртебесін алған не болмаса одан бас тартылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде босатады.

Этникалық қазақтар мен олардың отбасы мүшелерін оралман мәртебесін алғанға дейін олардың қалауы бойынша уақытша орналастыру орталықтарында алғашқы қоныстандыру қағидаларын және олардың уақытша

орналастыру орталықтарында болу
мерзімдерін бекіту туралы
1-қосымша
Нысан

----- облысы/қаласы
ІІД Көші-қон полициясы басқармасының
б а с т ы ғ ы н а

(Этникалық қазақтың Т.А.Ә)

Өтініш

Сізден мені және саны _____ адамнан тұратын менің отбасымның мүшелерін
Уақытша орналастыру орталығына оралман мәртебесін алғанға дейін
қоныстандыруды сұраймын.

(күні) (қолы)
Э т н и к а л ы қ қ а з а қ т а р м е н
олардың отбасы мүшелерін оралман
мәртебесін алғанға дейін олардың
қалауы бойынша уақытша орналастыру
орталықтарында алғашқы қоныстандыру
қағидаларын және олардың уақытша
орналастыру орталықтарында болу
мерзімдерін бекіту туралы
2-қосымша
Нысан

**Уақытша орналастыру орталығына этникалық қазақ пен оның
отбасы мүшелерін алғашқы қоныстандыруды тіркеу**

ЖУРНАЛЫ

р/с №	Өтініш берушінің Т.А.Ә.	Туған жері және күні	Шыққан елі	Жолдаманың нөмірі және берілген күні

----- б а с т а л д ы
_____ аяқталды

Э т н и к а л ы қ қ а з а қ т а р м е н
олардың отбасы мүшелерін оралман

мәртебесін	алғанға	дейін	олардың
қалауы	бойынша	уақытша	орналастыру
орталықтарында		алғашқы	қоныстандыру
қағидаларын	және	олардың	уақытша
орналастыру		орталықтарында	болу
мерзімдерін		бекіту	туралы
3-қосымша			
Нысан			

№ _____ ЖОЛДАМА

Оралман мәртебесін алғанға дейін уақытша орналастыру Орталығына қоныстандыру үшін _____

О т б а с ы (Т.А.Ә., этникалық қазақтың туған күні)
м ү ш е л е р і :

1. _____
(Т.А.Ә., туған күні, туыстық дәрежесі)
2. _____
(Т.А.Ә., туған күні, туыстық дәрежесі)
3. _____
(Т.А.Ә., туған күні, туыстық дәрежесі)
4. _____
(Т.А.Ә., туған күні, туыстық дәрежесі)
5. _____
(Т.А.Ә., туған күні, туыстық дәрежесі)
6. _____
(Т.А.Ә., туған күні, туыстық дәрежесі)

(Т.А.Ә., туған күні, туыстық дәрежесі)

жолданды

_____	облысы	(қаласы)
ІІД	Көші-қон	полициясы
басқармасының		бастығы
_____		М.О.

(Т.А.Ә.)

(берілген күні)

